



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005 – 2010 годы: Указ Президента РК от 11 октября 2004 г. №1459 // Казахстанская правда. 2004, 16 октября.
2. Стратегический план «Казахстан – 2050», // Казахстанская правда 2012 г. 14.12, 1–3 с.
3. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. Алматы: Қазақ университеті, 2001. 211 с.
4. Иманбеков М.М. Проблемы становления самосознания казахского народа в творчестве Чокана Валиханова. Алматы, 2003. 19 с.
5. Иманбеков М.М. Проблемы становления самосознания казахского народа в творчестве Чокана Валиханова. Алматы, 2003. 18 с.
6. Джандильдин Н.Д., Сатыбекова С.К. Концепция культуры в мировоззрении Чокана Валиханова Алма – Ата: Наука, 1988. 320 с.
7. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. Алматы: Қазақ университеті, 2001. 301 с.
8. Алтынсарин И. Собр. соч. Т.1. Алма – Ата, 1974. 275 с.
9. Алтынсарин И. Собр. соч. Т.3. Алма – Ата, 1975. 304 с.
10. Абай Слова назидания. Алматы, 1993. 263 с.
11. Абай Слова назидания. Алматы, 1993. 263 с.
12. Бесғасыржырлайды. Екітомдық. Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. 385 б.
13. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екітомдық толық жинағы. I том.Өлеңдер мен аудармалар. Алматы: Жазушы, 1995. 336 б.
14. Статья «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017 г.

ӨОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Мырзағалиева Күлзада Мешітбайқызы
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
ф.ғ.к. қауым. профессоры
Нұрсұлтанова Айгүл Сәбитбекқызы
педагогика ғылымдарының магистрі
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: Kmkz55@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада не бәрі қырық сегіз жыл ғұмыр кешіп, бар саналы ғұмырын ағартушылық жолына жұмсаған Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин қандай адам болғаны, дүниетанымы сөз болады.

Түйінді сөздер: ислам, дін, құран, хадис, пайғамбар, тәрбие.

Аннотация

В данной статье рассказывается о человеческих качествах и мировоззрении Ибрая (Ибрагим) Алтынсарина, прожившего сорок восемь лет и прошедший всю свою сознательную жизнь на пути просветления.

Ключевые слова: Ислам, религия, Коран, хадис, пророк, образование.

Abstract

This article tells about the human qualities and worldview of Ibrai (Ibrahim) Altynsarin, who lived for forty – eight years and spent his entire conscious life on the path of enlightenment.

Key words: Islam, religion, Koran, hadith, prophet, education.

Ислам дінінің бүкіл түркі халықтары мен басқа да ұлттардың, ұлыстардың дүниетанымына әсер еткені даусыз. Солардың арасында қазақ халқының да сан ғасырлық қалыптасу тарихында мәдениетіміз бен әдебиетіміздің өркендеуіне ислам дінінің қосқан үлесі зор. Оны салт – дәстүріміз бен әдет – ғұрыптарымыздан, халықтың қара өлеңдері мен мақал – мәтелдерінен айқын аңғаруға болады.

Ыбырайдың өмірге көзқарасын қарастырғанда түркілік дүниетаным сабақтастығын, ол өмір сүрген әлеуметтік мәдени ортаны ескере отырып талдап – таразылай түскен абзал. Өйткені ол құдай жоқ деп зар қақсаған кешегі Кеңес дәуірінде өмір сүрген жоқ.

Егемендігімізді алдық, мешіттер бой көтеруде, медреселер, жоғары оқу орындары ашылуда, жастар дінге мойын бұра бастады. Енді Ыбырайға жаңа көзқарас қалыптастырып, оны кейінгі ұрпақ санасына сіңірубіздің парызымыз. Ыбырайға бәріміз де борыштымыз!

Ыбырай атасы Балғожаның қолында өсті. Қазақы тәлім – тәрбие алды. Көргені – намаз оқып, ораза ұстаған Алланың ақ жолындағы адамдар, естігені – Құран, Ислам шариғаттары – заңы. Тоғыз жасында Орынбор Шекара комиссиясы жанынан қазақ балаларына арналып ашылған жеті жылдық

мектепте оқыды. Онда Орынбор мешітінің ахуны Ғұсман Мұсаұлы мұсылман дінінің иман – шарттарын құлағына құйды. Құранды бүкіл оқылу ережелерін сақтап оқуға үйретті. Араб, парсы, татар тілдерінен белгілі шығыстанушы Мірсалық Бекшораұлы сабақ берді. Сөйтіп ол құран сүрелерін өзгелерге түсіндіре алатын дәрежеге жетіп, дүниеианымы да қалыптаса түсті.

Ыбырай Алла Тағаланың хақтығын мойындағанымен көзсіз, соқыр сенімге берілмей, шындыққа жүгінді. Бұл жағынан Ұлы ұстаздың дүниетанымы ұлы ақын Абай Құнанбаев дүниетанымымен астасып жатады. Ыбырай да, Абай да Көкбай Жанатайұлының сөзімен айтсақ, «діннің негізін, мақсат – бағытын ғана алып, соны ақиқат діні етіп қолданған» [1; 2].

Бұл ойды Мұхтар Әуезов «Ол діннің құдайына иланады. Енді соның көп сипаттарын өз оқушысына баяндап береді. Сол баяндауында үнемі адамдық жақсы қасиеттер жағын айырықша екшеп, терумен болады. Ендеше бұл сөздің түп мазмұн – мақсаты – адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе түсу. Моральдық философияның, педагогикалық мұраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып бермекші» [2], – деп толықтырып, айқындай жеткізеді.

Ыбырай шығармалары туралы да осы пікір – пайымды айтуға болады. Ұлы ұстаз да ислам дініндегі тән, қоршаған орта, рухани тазалық, тәлім – тәрбие жөніндегі Мұхаммед пайғамбардың өсиет хадистерінің мән – мазмұнын өзінің педагогикалық ой – пікірлеріне арқау етіп алған.

Ыбырай да, Абай да елге пайдалы адам балғысы келді. Бұл бір Аллаға деген сенімнен туындаған жүрек қалауы. Өйткені адамзаттың ардақты елшісі хазірет Мұхаммед Хадистерінде: «Ең жақсы адам – басқаға пайдасы тиген адам», – дейді. Ыбырай мен Абай сөздерінің бір – бірімен қабысып, үндесіп жатуының сыры – екеуінің де сусындаған бастау бұлағы – қасиетті құран, Мұхаммед пайғамбардың хадистері.

Ыбырайдың дүниетанымы – түркілік дүниетаным, сенімі – хақтың діні. оныбір ғана «Өсиет өлеңдерінен» – ақбайқаймыз:

«Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,
Тең етті бәрімізге күн мен айын».

Ақынның осы екі тармақ өлеңін оқығанда оның «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітапшасындағы мына сөздер еріксіз еске түседі: «Бұл – үстіміздегі шет – шегі жоқ көк, күндіз болса дүниені жарық еткен күн, кеш болса күлімсіреп тұрған ай, жұлдыздарменен бұл дүниені айналып дүниені шеті жоқ мұхит, теңіздері һәм таулардан таза жауһардай жылтырап аққан өзендері, ішінде неше алуан мақұлықтар, балықтарыменен, астымызда біздің дүниеміз атанған жер – қазып қарасақ астында алтын, күміс, мыс, бақыр, темірменен һәм үстіне қарасаң алыстан тұманданып көрінген, ішіне кірсең жапырақтары жайқалып, дүниеге хош иістер жайған биік орман ағаштар, һәм мың түрлі патшалы, патшасыз жұрт болып тұрған азаматтар мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір құдайдың барлығына, бірлігіне һәм көміл жаратушы халық – қадір екендігіне дәлел болса керек».

Көріп отырсыздар, Ыбырай дүниетанымында да бәрін жаратқан құдіретті күшті бір Алла. Адам да, жан – жануарлар да, аспан мен жер де Құдайдың туындылары. Осы ойын өлеңінде жалғай түсіп ол:

«Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын»,
– дейді.

Құран Кәрімде «Адам ата» хикаясында: «Алла екі күнде байтақ жерді жаратты. Жер үстіндегі тау – жоталарды жаратты», – делінеді.

Одан кейін Алла Тағала балшықтан Адам атаны – Сапиолланы (Адам атаның шын аты) жасады. Оған жан салды... бойына білім сіңірді... Адамзат атаулы сол Адам ата мен Хау ана ұрпақтарымыз, яғни Ыбырай айтқандай, «бір адамның баласымыз».

Мұны қазір ескере береміз бе?! Бар адамзат Ыбырайша ойласа жер бетінде соғыс болар ма еді, болмас па еді?!

«Ислам этикасы (ахлақ) мейірімділік, төзімділік, ықыластылық, шыншылдық, тазалық, жомарттық, бауырмалдық, кеңпейілдік, аманатқақиянат жасамау, ар – намысты сақтау, уәдеде тұру сияқты көптеген жалпы адамзаттық құндылықтарды қамтиды» [3, б. 9]

Ыбырай да елді мейірімділікке бауырмалдыққа, қайырымдылыққа үндеп, ауызбіршілікке шақырады. Ауызбіршілік бар жерде ғылым мен өнер дамып, барлығы өсіп – өркендейтіні анық. Сондықтан да ол:

«Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір – біріңе қарасыңыз», –
деп, ақ, қара, діні бір, діні басқа демей, бар адамзатты бауырмалдыққа шақырады. Бауырмалдық – мұсылман сипаттарының бірі.

Дәуіт – Дауыт пайғамбар аты Құран Кәрімде 16 жерде кездеседі «Талұт», «Талұт пен Дәуіт», «Дәуіттің адасуы» атты хикаяларда оның іс – әрекеті сөз болады.

Ыбырай:

«Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,
Патша боп бұл дүниеге даңқы кеткен», –

деп оны жырға қосады.

Дәуіттің даңқты патша екені шындық. Оның бірнеше ұлы болған, алайда олардың бәрі дүниеден өтіп, жалғыз ұлы Сүлеймен патшалық құрған. «Давид (Дауыт) қырық жыл патшалық еткеннен кейін өмірінің жетпіс жасында дүние салған. Дамаскіден Египетке және Орта теңізден Иорданнан Шығысқа қарай кететін жерлерді алып жатқан мемлекетті баласына қалдырып кеткен...Соломон (Сүлеймен) ұлы данышпан аталған» [1, бб.305–306]. Енді бір деректе «Дәуіт пайғамбар жүз жасқа келген» [4, б. 299].

Ыбырай:

«Отыз ұлым бар ғой деп, көптік ойлап,
Құдайым отызын да әлек еткен.

Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің пенде екенін сонда біліп.
Мұнан соң Тақ – Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып».

Дәуіт жасаған күнасына өкініп, Алла Тағаладан жалынып кешірім сұрағаны үшін отыз ұлының орнына отыз ұлына татитын даңқты Сүлейменді береді.

Құранда «Сүлеймен және әйел патша Билегис», «Сүлейменнің парасаты», «Сүлеймен өз әкесінің тахыдында» деген хикаялар бар.

Құран Кәрімде: «Жер бетінде көкірек керіп жүрме» [5, б. 37], – делінеді.

Ы.Алтынсарин осы қағиданы жастарға тәлім – тәрбие беру үшін әдемі пайдаланған. Тәкәппарлық жарға соқтыратынын, бірақ кінәсін мойындап дұрыс жолға түссе, Алла Тағала кешіретінін ескертеді.

Су – қашаннан тіршілік көзі. Құранда «Бар тіршілік басы – су» деген жиі айтылады.

«Барлық мақұлықты Алла судан жаратты...» [6, б. 45].

Ыбырай:

«Ескендір патша болып дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.
Жалғыз – ақ өлмеске айла табамын деп,
Ізденіп, мәңгі суын соған барған».

Ислам дінінде тағдырды мойындау – парыз. Жақсылық та, жамандық та Алладан. Туғанда маңдайыңа не жазылса, сол болады. Оны өзгерту ешкімнің қолынан келмейді. Тіпті пайғамбарлар да бұған дәрменсіз. Ал, асып – тасқан Ескендір патша бар арманы орындалып, дүниені жаулап енді маңдайға жазған тағдырын өзгертпек.

Ескендір – Ескендір Зұлқарнайын – Александр Македонский. Құран Кәрімде оның есімі үш жерде Зұлқарнайын деп аталады. «Зұлқарнайын» деген хикаятта:

«Зұлқарнайын – ұзақ жорықтан осынау бастамашысы суыт тартқан бойы Мағрип деген жерге жетті. Қарсыласқан жауын бұйым құрлы көрмей, жол бойындағы бөген атаулыны тапап өтіп отырды. Шіліңгір ыстық, шыңылтыр суық, жолдағы саз батпақ дегендерді елемей, үрдіс ілгерлей берді. Өйткені Алла оған медет бағыш етті. Оған қажетті нәрселердің бәрін жеткізіп отырды. Оны жеңімпаз етті», – деп оның Алланың көмегі арқылы еткен кереметтері баян етіледі.

«Әсиет өлең»:

«Мәңгілік су ішкенге өлім болмас,
Ескендір мұны сұрап білгені рас.
Су әпкел деп жібереді уәзірін,
Уәзірі қасында Қыдыр – Ілияс»,
– деп жалғасады.

Қыдыр – Ілияс туралы Құран Кәрімде «Бір пайғамбардың аты (Екі жерде бар)» делінген. Аты «Ілияс» деп жазылған.

«Ең ежелгісі – аль Хазир мұсылман мифологиясында көптеген қасиеттерді – даналықты, қолшеберлікті, тапқыштықты, мейірімділікті бойына жинаған адамдарды кесапаттардан – өрттен, топан судан, жылан, бүйі уынан сақтаушы, береке – бақыт әкелуші қария ретінде бейнеленеді» [7; б. 278].

Ескендір мен уәзірі – Қыдыр – Ілияс судан ішіп, патша үшін тағы бір кесе су алдырмақ болып тұрғанда көздері бір адамға түседі. Жөн сұрасқанда ол мен де патшаедім өлмеу үшін осы суды іздеп келдім. Бармаған жерім қалмады, елім де әбден әлекке түсті. Ақырында «кемдіктің неше түрлі бәрін көріп, Аһ, енді өлім болса маған дедім!». Бірақ Құдай – тағала өлім бермеді, енді дүниені тастап осында келдім, – дейді.

Қыдыр – Ілияс қайтып келіп кеседегі суын Ескендірге ұсынады. Ішейін деп Ескендір енді ұмтыла бергенде су оның аузынабармай қояды.

Маңдайға жазған тағдыр өзгермейді! Оны өзгертемін деу – күнә! Құдайға қарсылық – серік келтіру. Автор осыны меззейді. Ал әділдігі үшін Наушеруан діні кәпір болса да дозаққа күймейді:

«Наушаруан – діні кәпір, әділ өтті,
Дозаққа соның үшін жағылмады».

Наушаруан – ежелгі Иран патшасы. Ыбырай әділдікті ту етіп, «Не болды тәкәппарлыққылғаны үшін?» деп, өркөкіректікі сынайды.

Аюп – Құран Кәрімде – Әйүп, пайғамбардың аты, құранда есімі төрт жерде кездеседі. Әйүп жайындағы хикаят «Алла Тағала Әйүптің төзіміне сый көрсетті. Байлығын өзіне қайтарды. Рақым қылып бір бала берді. Ол шынында, адал сенімнің өнегесі еді», – деп қорытындыланады.

Ыбырай:

«Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек – бөлек соның тәні.
Мал – жанның өре туған бәрі безіп,
Далада жалғыз жатып, «Алла» деді.

Малды алды, баланы алды, сабыр етті,
Дұшпандар мысқыл атып жәбір етті.
Разымын не берсең де, Құдайым, – деп,
Бәрін де қабақ шытпай қабыл етті».

Хадис: «Өзіңізге бағынышты тілсіз мақұлықтар жануарларға қиянат жасаудан сақтаныңыз. Мінуге, жеуге жаралғандарының әрқайсысын сол мақсаттарға жұмсаңыз».

Ыбырай:

«Қорлама кем адамды болсаң дана,
Ғаріпті Құдай сүйсе нендей шара?!
Ер болған сиыр бағып Зеңгібаба,
Пір болды түйешіден Ойсылқара».

Ақын бұл өлеңінде терме үлгісінде өнеге, өсиет, ақыл, нақыл сөздерді теріп айтып өтеді. Негізгі мақсат – мүдде – жастарға тәлім – тәрбие беру, жақсылыққа жетелеп, жаман әдеттерден жирендіру. Мұны өлеңнің «Өсиет өлеңдер» деген тақырыбы да айтып тұр.

Хадис: «Құдайдан қорық! Азғантай жақсылықтың өзін азырқанба».

Ыбырай:

«Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды».

Құранда Харұн – Қарынбай арбап – алдап Мұсаны ел – жұртынан алыстатпақ болады. Алайда оны Алла тағала біліп, жат ниетін ашады. Ділі пәк Мұса сыннан өтіп, абыройы бұрынғыдан да бетер арта түседі. Харұнды тура жолға түсіруді ойлаған Мұсаның іс – әрекетінен ештеңе шықпай, әбден түңіледі. Харұнның ел – жұрты жамандыққа бастауынан құтылу үшін оны мықтап жазалауын Алладан мінажат етіп тілейді.

Алла Тағала оның өтінішін қабыл алады. Байтақ жер бір – ақ опырылып, ойылып түсіп, үйлер құлап қирайды. Алланың алдында Харұнға көмек беруге ешбір адам шықпайды.

Қара жер жарылады да, оның үйін де, мал – мүлкін де жұтады. Оның соңынан ерген оңбаған адамдар да жер астына түсіп жоқ болады».

Атымтай Жомарт – VI ортасында өмір сүрген араб ақыны Хатим Ат – тай. Шығыс халықтарының ауыз әдебиетінде жиі ұшырасатын кейіпкер. Асқан жомарт, кеңпейіл иесі.

Ыбырай:

«Мекенін білемісің қайда қалды,
Жомарттық қылған үшін Атымтайдың».

Хадис: «Адамнан ұялмаған адам Алладан да ұялмайды... Алла Тағаладан шын ұялындар, өйткені сендердің тіршіліктеріңді, мінез – құлықтарыңды Алла Тағала жаратты»

Ыбырай:

«Иманды ер Құдайынан ұялады,
Ұялып Иесінен сый алады».

Хадисте: «Кімде – кім өзіне бір жетімді тәрбиелесе немесе бөтен жетімді кәмелетке жеткенше бақса, ол адам міндетті түрде жұмаққа барады», – делініп, жарлы – жақабайға, жетім – жесірге, жоқ – жітік адамдарға қайырымдылық жасауағыздалады.

Ыбырай:

«Ренжітпе пенде болсаң бейшараны,
Кәріп көңілі бір сыңған пияла – ды»,

– деп шарасыз пенденің көңілін қалдырма деп, оны сыңған кесеге теңейді. Яғни қайырымдылыққа, кісінің көңіліне тимеуді үндейді.

Хадис: «Кәсіптің ең жақсысы – өз қолыңмен жасаған нәрсең... Қайыр тілегеннен гөрі қолыңа арқан алып, орманға барып, ағаш теріп, оны сатып тамақ тапқан артық».

Ыбырай:

«Араз бол, кедей болсаң, ұлықпенен,
Кете бар кессе басың шындықпенен!

Қорек тап, бейнеттен де Тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңлықпенен!»

«Жүсіп – Зылиха» жайындағы аңыз, Шығыста көп жырланған сюжет. Көпке белгілі, Құранның 12-сүресінде «Жүсіп» әңгімесі әңгімелердің ішіндегі ең жақсысы... [8, б. 40].

Ыбырай:

«Мақтанба сұлумын деп ажарыңа,
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа
Зылиха, Жүсіппенен сұлу өткен,
Тұрмаған ажар ара ажалына!»

Хадис: «Не нәрсенің бәрі де тіпті, шексіздік пен дарындылық та Алланың әмірімен болады».

Ыбырай:

«Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал Құдайдан – ды!»

Ыбырайдың аса бай халық мұрасы – өлең – жырлар мен мақал – мәтелдерінен, ертегілерінен сусындап өскені, оны ел арасынан жинап «Қазақ хрестоматиясы» кітабына енгізгені баршаға мәлім.

«Әсиет өлеңдерінде» сол ауыз әдебиетін негізге алып, кейбір үлгілерін шығармаларында орынды пайдалана білгені де байқалады.

Халық әдебиетінде сиыр пірі – Зеңгібаба, жылқы пірі – Қамбар ата, түйе пірі – Ойсылқара. Ыбырай «Ер болған сиыр бағып Зеңгібаба, пір болды түйешіден Ойсылқара» деп, балаларға осы екі түлік атасының діни философиялық мән – мағынасын ашады.

Ислам дінінде «Пір» – қолдап қорғаушы рух. «Рух» – сөзінің мағынасы «жан», «күш», «Исра» сүресінің 85 аятында: «Әй, Мұхаммед! Сенен рухтың не екенін сұрайды. Айт: Рух Раббымыздың әмірінде, (Бұл жайында) сіздерге өте аз мағұлмат берілген», – делінеді.

Ауыз әдебиетіндегі төрт түлік туралы өлеңдерде «Шағаладай құрты бар, Шопан ата баласы», «Шүйде жалды, желкелі, Сексек ата баласы», «Буыны бар сыртылдақ, Зеңгі баба баласы», «Қашқандардықоймаған, Жылқышы ата баласы», «Шешіп үйін жүктеген, Ойсыл қара баласы» [9, бб. 28–34] – деп балаларға түсінікті болу үшін «Пір» демей «Атасы» деп алған. Әсиет те – үгіт, насихат. Автордың негізгі айтпағы – «Бейнетсіз рахат жоқ», «Мал баққанға бітер», «Еңбек ер атандырар».

Қара өлең:

«Төмендеуі адамның тіпті оңай,
Жүріп тұрған басынан тайса бағы» [10, б. 73].

Ыбырай:

«Бақ тайса ерге дәулет құралмаған».

Қара өлең:

«Жолдас болсаң жаманмен жарға жығар,
Жазатайым аяғың шалыс болса» [10, б. 67].

Ыбырай:

«Достарың, дұшпан түгіл, табалайды
Аяғың бір нәрседен шалыс болса».

Маңдайдағы бақ та, астыңдағы тақ та, байлық та мәңгілік емес.

Қара өлең:

«Шаттық пен қайғы арасы бір – ақ қадам,
Тағдырдың пендесі жоқ жылатпаған
Өкінбе өткен іске, үміт үзбе,
Бақ та жоқ, байлық та жоқ тұрақтаған».

Ыбырай:

«Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай бақ – дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда»

Ыбырай да, Абай да Ислам құндылықтарымен қатар Батыс, Шығыс, Еуропа, әсіресе орыс классикалық әдебиетінің нәрін бойларына сіңіріп, олардың ағартушылық ілімін өз дәстүрлеріне үйлестіре жүргізді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлы педагог Құран мен Хадистердің балаларға тәлім – тәрбиелік мәні зор тұстарын шығармаларында орнын тауып әдемі қолдана білді. Ыбырайдың осы әдіс – тәсілі қазір де мектептер мен жоғары оқу орындарында пайдаланылса, жас ұрпақ дінінен, ділінен, тілінен, әдет – ғұрып, салт – дәстүрінен алшақтамас еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанатайұлық. Абай шын мағынасындағы мұсылман еді. // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл, 10 желтоқсан 2015 ж. 2 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995.
3. Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы. Астана, 19 ақпан 2015. 32 б.

4. Косиловский З. Библейские сказания. М., 1969.
5. Исра сүресі, 37 сүре, 45 аят
6. Сәтбаева Ш. Ы.Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары // Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер / құрастырған М.Жармухамедов. Алматы: «Жазушы», 1991. 384 б.
7. Қыраубаева А. ғасырлар мұрасы, 1988. 160 б.
8. Асыл сөз. Алматы: «Жалын», 1997. 432 б.
9. Байтурсынов А. Ақ жол. Алматы: «Жалын», 1991. 464 б.
10. Лұқман сүресі, 31.
11. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1967

УДК 371.311.11

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ЛИЧНО – ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ОБЩЕСТВЕННЫХ, СОЦИАЛЬНО – ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН ПО ФОРМИРОВАНИЮ АКТИВНОЙ ГРАЖДАНСКОЙ ПОЗИЦИИ СТУДЕНТОВ

Ничубай Елена Владимировна
преподаватель общественных дисциплин
КГКП «Костанайский строительный колледж»
E – mail: enitschubay@mail.ru
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Актуальность и цель. В статье рассматривается проблема формирования активной гражданской позиции студентов через использование технологии личностно – ориентированного обучения; освещены методы и приемы, используемые на уроках общественных, социально – гуманитарных дисциплин.

Ключевые слова: *непрерывное образование, личностно – ориентированное обучение, активная гражданская позиция, общественно – значимые качества личности.*

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада жеке тұлғаға бағытталған технологияны меңгеру арқылы студенттердің азаматтық белсенді позициясын қалыптастыру мәселелері қарастырылады, әлеуметтік – гуманитарлық пәндер сабағында қолданылатын әдіс – тәсілдер жарықтандырылған.

Түйінді сөздер: *үздіксіз білім, тұлғалық – бағдарлы оқыту, белсенді азаматтық ұстаным, қоғамдық маңызы бар қасиеттер.*

Abstract

Relevance and goal. The article deals with the problem of forming an active civic position of students through the use of the technology of personality – oriented learning; the methods and techniques used in the lessons of social and humanitarian disciplines are covered.

Key words: *continuous education, personality – oriented training, active civic position, socially significant qualities of a person.*

Просветительские идеи, педагогическое наследие великих казахских просветителей Ы.Алтынсарина и С.Кубеева оказали на меня, как педагога, огромное влияние. В своей педагогической деятельности следую многим их идеям, принципам, формам и методам, которые считаю, актуальны до сих пор

С.Кубеев отстаивал необходимость прямого контакта учителя и ученика. Под этим «контактом» он понимал то, что в современной педагогической науке называется взаимодействием учителя и ученика. Для более тесного контакта он советовал использовать простые методические приемы и объяснение нового материала советовал проводить самым доступным языком. Он считал, что только при таком взаимодействии учитель в полной мере сможет оценить знания ученика, его развитие. Сегодня из – за модернизации, которая сотрясает систему образования мы пришли к тому, что между учителем и учеником появляется всё больше и больше барьеров. [1, с. 10]

Для преодоления таких барьеров, используя принцип эффективного общения, поддерживаю и развиваю самооценную активность ребят, руководствуюсь основным принципом уважение свободы личности студента, доверие к нему.

Ы.Алтынсарин, С.Кубеев были уверены, что педагогический процесс должен формировать гражданина страны. С.Кубеев в своей школе создал систему воспитательной работы, направленную на формирование казахстанского патриотизма. Те, кто бывал в его учебном заведении, отмечали особую атмосферу, дух гражданственности. Буквально каждый ученик был мотивирован на то, чтобы принести пользу обществу.